Бекітемін
«Жұмабек Ахметұлы Тәшенев атындағы университет» ЖШС ректоры,
___________ т.ғ.к., доцент Қ.С.Байболов
_____ __________________ 2023 жыл

# САПА МЕНЕДЖМЕНТІ ЖҮЙЕСІ

# УНИВЕРСИТЕТ ЕРЕЖЕСІ

УЕ-40-23

# МАГИСТРЛІК ДИССЕРТАЦИЯ (ЖОБА) ТУРАЛЫ

АЛҒЫ СӨЗ

1. Жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бөлімімен әзірленді және енгізілді
2. Әзірлеген – Жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бөлімінің басшысы Ж.Д. Абдуллаева
3. Келісілді – Ғылыми және зерттеу жұмыстары жөніндегі проректоры Ш.Ж. Арзымбетова
   Стратегиялық жоспарлау, мониторинг және сапаны басқару бөлімінің басшысы А.А. Суттибаева
4. Жұмабек Ахметұлы Ташенев атындағы университетінің Ғылыми кеңесінің ___ ____ 2023 №____ мәжілісінде талқыланып мақұлданды
5. Енгізілді – 2023
6. Тексерілу мерзімі – 2025

**Қызмет бабында пайдаланатын басылым**

Шымкент, 2023

## 1 ҚОЛДАНУ САЛАСЫ

1.1. Магистрлік диссертацияның (жобаның) көрсететін мақсаты:

- әдеби еңбек көздерін қажетті салада қолдана білу;
- өз бетімен ғылыми зерттеулер жүргізіп, жүйелі және жалпы фактілі материалдарды қолдану;
- жүргізілген зерттеу қорытындысын өздігімен саралай білу.

1.2. Бұл ереже магистратураның барлық білім беру бағдарламалары бойынша магистрлік диссертация (жоба) құрылымын, рәсімдеу тәртібін және қорғау процедурасын ұйымдастырудың жалпы талаптарын анықтайды. Ереже білім алушы магистранттарға, магистранттардың ғылыми жетекшілеріне, кафедра меңгерушілеріне арналған.

## 2 СІЛТЕМЕЛІК ҚҰЖАТТАР

Бұл ережеде келесі нормативтік құжаттардан сілтеме жасалды

- «Білім туралы» Қазақстан Республикасының 2022 жылғы 20 шілдедегі №2 Заңы;
- Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидалары. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 595 бұйрығымен бекітілген;
- Білім беру қызметіне қойылатын біліктілік талаптарын және оларға сәйкестікті растайтын құжаттардың тізбесі. Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрінің 2015 жылғы 17 маусымдағы № 391 бұйрығымен бекітілген;
- Жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты. Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2022 жылғы 20 шілдедегі № 2 бұйрығымен бекітілген;
- Оқытудың кредиттік технологиясы бойынша оқу процесін ұйымдастырудың қағидаларын. (Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2011 жылғы 20 сәуірдегі №152 бұйрығы, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 12 қазандағы № 563 бұйрығымен өзгерістер мен толықтырулар);
- Жұмабек Ахметұлы Ташенев атындағы университетінің ережесі. Магистранттардың ғылыми-зерттеу (эксперименталдық зерттеу) жұмыстары туралы (УЕ-48-22)

## 3 МАГИСТРЛІК ДИССЕРТАЦИЯНЫҢ (ЖОБАНЫҢ) ОРЫНДАУҒА ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР

### 3.1 Жалпы ережелер

3.1.1. Магистрлік диссертация (жоба) бітірушінің ғылыми мазмұндағы біліктілік жұмысын білдіреді, ол таңдалған тақырыптың ішкі бірлігі, жазылу барысы мен жасалу қорытындысынан тұрады. Магистрлік диссертацияның (жобаның) тақырыбы өзекті болуы және білім беру бағдарламасына, ғылыми жетістіктер дамуының қазіргі заманғы деңгейіне сәйкес келуі тиіс.

3.1.2. Магистратураның білім беру бағдарламасының мазмұнына сәйкес 2 жылдық ғылыми-педагогикалық магистратура үшін – магистрлік диссертацияны орындауды немесе 1,5 және 1 жылдық бейінді магистратура үшін – магистрлік жобаны орындау қарастырылған.

3.1.3. Магистрлік диссертацияларға жетекшілікті даярлық бағытының тиісті бейініне сәйкес келетін "ғылым кандидаты" немесе "ғылым докторы" ғылыми дәрежесі немесе "философии докторы (PhD)" немесе "бейіні бойынша доктор" дәрежесі, ғылыми–педагогикалық өтілі кем дегенде 3 жыл, білім беру саласындағы уәкілетті орган бекіткен Ғылыми қызметтің негізгі нәтижелерін жариялау үшін ұсынылған ғылыми басылымдар тізбесіне (бұдан әрі – басылымдар Тізбесі) енгізілген басылымдарда 5 ғылыми мақаланың және Web of Science Core Collection (Вэб оф Сайнс Кор Коллекшн) базасындағы JCR (ЖСР)

базасында импакт-факторы бар немесе Science Citation Index Expanded немесе Social Science Citation Index немесе Arts and Humanities Citation Index базаларының біреуінде индексетелетін немесе Scopus (Скопус) деректер базасында CiteScore (СайтСкор) бойынша процентиль көрсеткіші кемінде 25 болатын халықаралық рецензияланатын ғылыми журналдарда 1 ғылыми мақаланың авторы болып табылатын оқытушылар жүзеге асырады.

3.1.4. Магистрлік диссертация (жоба) магистранттың ғылым кандидаттары мен докторларының немесе PhD докторларының немесе тиісті салада кемінде 5 жыл жұмыс өтілі бар білікті мамандардың қатарынан ғылыми жетекшінің, немесе ғылымның аралас салалары бойынша ғылыми консультанттар жетекшілігімен өз бетінше орындалады.

3.1.5. Магистрлік диссертация немесе магистрлік жобаның ғылыми жетекшісі:

- магистрлік диссертацияны (жобаны) орындау үшін тапсырмалар береді;
- магистрлік диссертацияны (жобаны) орындау барысы бойынша барлық кезеңге жеке жұмыс жоспарын және жұмыстың күнтізбелік кестесін әзірлеуде магистрантқа көмек көрсетеді;
- магистрантқа тақырып бойынша қажетті негізгі әдебиеттерді, анықтамалық және мұрағат материалдарын, типтік жобалар мен басқа да әдебиеттерді ұсынады;
- өткізілу барысында магистранттың магистрлік диссертацияны орындау күнтізбелік кестесін сақтауын ағымдық бақылау жүзеге асырылатын кеңес беру кестесін белгілейді;
- магистрлік диссертацияның (жобаның) барлық бөлімдерінің көлемін қарастырады және магистрант пен кеңесшінің жұмысын үйлестіреді;

3.1.6. Магистранттың ғылыми жетекшісі және зерттеу тақырыбы оқуға қабылданғаннан кейін екі ай ішінде Ғылыми кеңестің шешімімен негізінде, ректордың бұйрығымен бекітіледі.

Бірінші курстың магистранты магистрлік диссертация (жоба) тақырыбын және ғылыми жетекшісін бекіту туралы 20 қыркүйекке дейін университет ректорының атына өтініш жазады. Сонымен қатар магистрлік диссертацияның (жобаның) тақырыбы, диссертациялар (жобалар) тақырыптарының деректер базасынан таңдалады. Қажет болған жағдайда, магистрант бұрын қол жеткізілген нәтижелерге (бұрын жарияланған мақалаларға, алынған кәсіби тәжірибеге, жеке зерттеу мүдделеріне) сәйкес басқа тақырыпты таңдай алады.

Өтініш берген сәттен бастап екі аптадан кешіктірмей, кафедра мәжілісінде магистранттарға тақырыбты таңдаудың негіздемесін тыңдай отырып, магистрлік диссертация (жоба) тақырыбын бекітуге шешім қабылданады немесе тақырыпты бекітпеу туралы дәлелді түрде бас тартады. 5 қазанға дейін факультет деканы ЖОО кейінгі білім бөліміне (бұдан әрі – ЖООКББ) магистрлік диссертацияларды (жобаларды) мақұлдау және ғылыми жетекшілер туралы факультет кеңесінің шешімінің көшірмесімен бірге магистранттарга арналган тақырыптарға қойылатын талаптарға сәйкестігімен бірге ЖООКББ тапсырады.

3.1.7. ЖООКББ магистранттардың магистрлік диссертация (жоба) тақырыбтарын және ғылыми жетекшілерін бекіту үшін Ғылыми кеңеске ұсынады.

3.1.8. Магистрлік диссертация (жоба) ғылым мен тәжірибенің қазіргі теориялық, әдістемелік және технологиялық жетістіктеріне негізделіп, ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістерін қолдану арқылы орындалып, негізгі қорғалатын ережелер бойынша ғылыми-зерттеу (әдістемелік және тәжірибелік) бөлімдері болуы керек, тиісті білім саласындағы алдыңғы халықаралық тәжірибеге негізделіп, нақты тәжірибелік ұсыныстар болуы қажет.

3.1.9. Магистрлік диссертацияның (жобаның) негізгі нәтижелері ең кемі бір жарияланымда және (немесе) ғылыми-практикалық конференцияға қатысуында көрінуі тиіс.

## 3.2 МАГИСТРЛІК ДИССЕРТАЦИЯНЫҢ (ЖОБАНЫҢ) ҚҰРЫЛЫМЫ

3.2.1. Магистрлік диссертацияның (жобаның) құрылым элементтерінің атаулары «Мазмұны», «Нормативтік сілтемелер», «Анықтамалар», «Белгілер мен қысқартулар», «Кіріспе (Зерттеудің өзектілігі; зерттеудің мақсаты: зерттеудің міндеттері; зерттеу объектісі; зерттеу пәні; зерттеудің болжамы: (егер, онда)зерттеу әдістері; зерттеу базасы; зерттеудің ғылыми, теориялық және әдіснамалық негіздері; зерттеу көздері; зерттеудің ғылыми жаңалығы; зерттеудің практикалық маңыздылығы; зерттеу нәтижелерінің дәлелдігі мен негізділігі зерттеудің нәтижелерін апробациялау; қорғауға ұсынылатын негізгі қағидалар; жетекші идея; диссертация құрылымы*)*», «Қорытынды», «Пайдаланылған әдебиеттер тізімі» «Қосымшалар», - диссертацияның (жобаның) құрылымдық элементтерінің тақырыбы қызметін атқарады.

3.2.2. Диссертацияның (жобаның) негізгі бөлімін бөлімдерге, бөлімшелерге және тармақтарға бөлу керек. Қажет болған жағдайда тармақтар тармақшаларға бөліне алады.

3.2.3. Бөлімдер мен бөлімшелердің тақырыптары болуы керек. Тармақтарға атау берілмейді. Атаулар бөлімдердің, бөлімшелердің нақты және қысқаша мазмұнын бейнелеуі тиіс.

3.2.4. Бөлімдердің, бөлімшелердің және тармақтардың атаулары абзацтан бастап астын сызбай, аяғында нүктесіз бас әріппен жазылады.

Егер атау екі сөйлемнен тұрса, онда оларды нүктемен ажыратады.

## 3.3 МАГИСТРЛІК ДИССЕРТАЦИЯНЫҢ (ЖОБАНЫҢ) ҚҰРЫЛЫМ ЭЛЕМЕНТТЕРІНЕ ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР:

3.3.1. Магистрлік диссертацияның (жобаның) көлемі 70-90 бетті құрайды. Жекелеген бағыттар бойынша диссертацияның (жобаның) көлемі 100 бетке дейін жетуі мүмкін. Қосымшалар магистрлік диссертацияның (жобаның) көрсетілген көлеміне енбейді.

3.3.2. Магистрлік диссертацияның (жобаның) құрылымдық элементтері:

- сыртқы беті (нөмірленбейді, 1-қосымша);
- титул парағы (2-қосымша);
- мазмұны (3-қосымша);
- нормативті сілтемелер;
- анықтамалар, атаулар мен қысқартулар;
- кіріспе;
- негізгі бөлім;
- қорытынды;
- пайдаланылған әдебиеттер тізімі (міндетті түрде түпнұсқа бойынша, 4-қосымша);
- қосымшалар.
- мемлекеттік, орыс және ағылшын тілдеріндегі диссертация (жоба) рефераты жатады.

3.3.3. Диссертацияның (жобаның) титул беті диссертацияның (жобаның) бірінші беті болып саналады және құжатты рәсімдеу және іздеуге қажетті ақпарат тетігі болып табылады.

Титул парағы диссертацияның (жобаның) жалпы нөмірленуіне кіреді. Титул парағына нөмір қойылмайды. Титул парағы 2-қосымшаға сай рәсімделеді.

3.3.4. Магистрлік диссертациян кірісперен, рет сандары мен барлық бөлімдердің аттарынан бөлімшелерден, баптардан (егер атаулары болса), қорытындыдан, пайдаланылған әдебиеттер тізімінен және бет нөмірі міндетті түрде диссертацияда көрсетілген қосымшалардан тұрады. Магистрлік диссертацияның (жобаның) мазмұны 3-қосымшаға сәйкес рәсімделеді.

3.3.5. Магистрлік диссертацияның (жобаның) мазмұны келесі талаптарға сай болуы керек.

- зерттеу тақырыбының белгілі білім беру бағдарамаламаның пәндік-біліктілік саласындағы өзектілігі;

- қорғалатын мәселелердің ғылыми маңыздылығы;

Диссертацияны рәсімдеуде көрсетілген баптар «Кіріспе» бөлімінде нақты мазмұндалуы керек.

3.3.6. «Нормативтік сілтемелер» құрылымдық элементіне диссертация (жоба) мәтінінде сілтеме жасалған стандарттар тізімі кіреді.

Сілтемелер жасалған стандарттар тізімі мынадай сөздермен басталады: «Бұл магистрлік диссертацияда келесі стандарттарға сілтемелер жасалған».

Тізімге стандарттардың аттары және белгілеулері белгілердің тіркеу нөмірлерінің өсуіне қарай тәртіппен орналасады.

3.3.7. «Анықтамалар» деген құрылым элементі магистрлік диссертацияда (жобада) терминдерді нақтылауға не орнықтыруға байланысты анықтамалардан тұрады. Анықтамалар тізімі келесі сөздермен басталады: «Бұл магистрлік диссертацияда(жобада) келесі терминдер анықтамаларымен бірге қолданылады».

3.3.8. «Атаулар мен қысқартулар» құрылым элементі диссертацияда қолданылған атаулар мен қысқартулардан тұрады. Атаулар мен қысқартулар диссертацияның (жобаның) мәтінінде кездескен тәртіп бойынша қажетті толық атауымен түсіндіріліп жазылады. Анықтамалар, атаулар мен қысқартуларды «Анықтамалар, атаулар мен қысқартулар» атты құрылымдық элементте көрсетуге рұқсат беріледі.

3.3.9. Кіріспе бөлімінде техникалық білім беру бағдарламалары үшін зерттеудің өзектілігі, зерттеудің мақсаты, зерттеудің міндеттері, зерттеу объектісі, зерттеу пәні, зерттеудің болжамы: (егер, онда), зерттеу әдістері, зерттеу базасы, зерттеудің ғылыми, теориялық және әдіснамалық негіздері, зерттеу көздері, зерттеудің ғылыми жаңалығы, зерттеудің практикалық маңыздылығы, зерттеу нәтижелерінің дәлелдігі мен негізділігі зерттеудің нәтижелерін апробациялау, қорғауға ұсынылатын негізгі қағидалар, жетекші идея, диссертация құрылымы, қорытынды, пайдаланылған әдебиеттер тізімі, қосымшалар көрсетілуі қажет.

Әлеуметтік-гуманитарлық білім беру бағдарламалары үшін кіріспеде зерттеудің өзектілігі, мақсаттары мен міндеттері, әдебиеттерге шолу, зерттеудің теориялық және әдіснамалық негіздері, тақырыптың және мәселенің ғылыми өңделу дәрежесін талдауды, ғылыми жаңалық элементтері, тәжірибелік маңыздылығы, қорғалуға шығарылатын негізгі жайттар, зерттеу нәтижелерінің апборабациясы, жұмыстың құрылымы көрсетілуі керек.

3.3.10. Негізгі бөлімінде:

- зерттеу бағытын анықтау және оны негіздеу, міндеттерді шешу әдістері мен олардың салыстырмалы бағалануы, ғылыми-зерттеу жұмысын жүргізудің жалпы әдістемесінің сипаттамасы, ғылыми бағыттың қазіргі теориясын таңдауда теориялық негіздемелерді талдау, жинақтау немесе зерттеудің ұстанымдары мен әдістерін интеграциялайтын әдіснама (1 бөлім) енеді. Педагогикалық бағыттар емес білім беру бағдарламалар бойынша 2-тарауда зерттеудің қолданбалы аспектілері қарастырылуы тиіс: мемлекеттік мекемелерде, кәсіпорындарда, компанияларда немесе білім беру жүйесінің түрлі деңгейіндегі оқу курстарының мазмұнында өндірісте алынған нәтижелерді қолдану туралы ұсыныстар. Педагогикалық бағыттар бойынша білім беру бағдарламалары бойынша диссертациялық тақырыптарының 2-тарауында барлық білім беру деңгейлеріндегі пәндер бойынша заманауи компьютерлік, мультимедиялық технологиялар, интернет-дереккөздері және т.б. ақпараттық технологиялар қазақстандық білім беру жүйесіне бейімделіп, қолданылуы тиіс. Бұл жалпы педагогикалық немесе жеке дидактикалық экспериментпен негізделуі шарт.

- құрамындағы теориялық зерттеулердің сипаты мен мазмұнын анықтау, зерттеу, есептеу әдістерін, эксперименттік жұмысты жүргізудің қажеттілігін анықтау, әзірлеген объектілердің іс-әрекет принциптері мен олардың сипаттамаларынан тұратын теориялық және/немесе эксперименттік зерттеу үдерісі;

- зерттеудің нәтижелерін жалпылау және бағалау, қойылған міндеттердің толық шешімін анықтауды бағалау және жұмыстың болашақ бағыты бойынша ұсыныстар беру,

алынған нәтижелердің дәлелдігін бағалауды және оларды отандық және шетелдік жұмыстардың баламалы нәтижелерімен салыстыру.

- әрбір тарау, тармақ бойынша қысқаша қорытынды енеді.

3.3.11. Қорытындыда құрамына:

- диссертациялық зерттеудің нәтижелері бойынша қысқаша қорытындылар;
- нәтижелерді нақты қолданысқа енгізу бойынша ұсыныстар жасау;
- қойылған міндеттердің толығымен шешілуін бағалау;
- жұмыс нәтижесін білім берудің инновациялық қызметінде, ғылым мен өндірісте нақты пайдаланудың ұсыныстары мен деректер талдамасы.
- жаңалықтың техникалық-экономикалық өнімділігін осы саладағы едәуір жетістіктері мен салыстырып бағалау енеді.

3.3.12. Әдебиеттер тізімі магистрлік диссертацияны (жобаны) жазуда пайдаланылған әдістер жайында мәліметтерден тұруы керек. Тізім 4-қосымшаға сәйкес рәсімделеді.

3.3.13. Қосымшаға төмендегі материалдар енгізілуі мүмкін:

- аралық математикалық дәлелдеулер, формулалар мен есептеулер;
- қосалқы сандық мәліметтер кестелері;
- тәжірибелер, өлшеу және сынақтар өткізу кезінде қолданылған аппаратуралар мен құрылғыларды суреттеу;
- диссертациялық жұмысты орындау барысында әзірленген нұсқаулықтар, әдістемелер, ЭЕМ-де шешілетін алгоритмдер мен есептердің бағдарламаларын суреттеу;
- қосалқы сипаттағы суреттер (фото);
- диссертациялық жұмыс нәтижелерінің енгізілу актілері және т.б.

3.3.14. Магистрлік диссертацияның (жобаның) авторефератына/аңдатпасына келесі мәліметтер болуы қажет:

- диссертацияның (жобаның) көлемі мен құрылымы;
- суреттер, кестелер, пайдаланылған әдебиеттер тізімінің саны;
- кілттік сөздер тізімі (15-20 сөз);
- зерттеудің өзектілігі;
- зерттеудің мақсаты;
- зерттеу нысаны;
- зерттеу әдістері;
- алынған нәтижелер, олардың жаңалығы, ғылыми және тәжірибелік маңызы;
- жариялымдар туралы мәлімет.

Автореферattың/аңдатпаның көлемі 1 интервалмен жазылған 4-5 бетті құрайды.

3.3.15. Автореферат/аңдатпа қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде рәсімделіп, магистранттың қолы қойылады.

## 3.4 МАГИСТРЛІК ДИССЕРТАЦИЯНЫ (ЖОБАНЫ) РӘСІМДЕУ ТӘРТІБІ

3.4.1. Магистрлік диссертацияның (жобаның) мәтінінің мазмұны осы Ережені талаптарына сәкес орындалады. Диссертацияның (жобаның) мәтінінің беттері мен оған енгізілетін суреттер мен кестелер А4 пішінін форматқа сәйкес келуі керек.

3.4.2. Мәтін бір интервалмен А4 пішініндегі ақ парақтың бір бетінде жазылады. Қаріп (шрифт) Times New Roman, кегль – 14. Магистрлік диссертацияның (жобаның) мәтінін келесі шектік өлшемдерін сақтай отырып, теру қажет: оң жағы – 10 мм, жоғарғы жағы – 20 мм, сол жағы – 30 мм, төменгі жағы – 20 мм., шегініс 1 см.

3.4.3. Белгілі бір терминдерде, формула, теоремаларға көңіл аудару үшін түрлі гарнитуралы шрифтерді пайдалану арқылы компьютерлік мүмкіндіктерді қолдануға рұқсат етіледі.

3.4.4. Магистрлік диссертацияның (жобаның) көлемі гуманитарлық бағыттар үшін кем дегенде 70-100 бет, жаратылыстану мен техникалық бағыттар үшін үшін 70-90 бет.

3.4.5. Диссертациядағы (жобадағы) азаматтың тегі, мекеменің, ұйымның атауы, бұйымдар атаулары және өзге де атаулар түпнұсқадағы тілде келтіріледі.

3.4.6. Магистрлік диссертацияны (жобаны) орындау кезінде кескіндердің бейнеленуі, тығыздығы, бүкіл диссертация (жоба) көлемінде айқындылығы мен нақтылығы бірдей сақталуы қажет. Диссертацияда (жобада) сызықтар, әріптер және белгілер нақты бейненуі қажет.

3.4.7. Диссертацияны (жобаны) дайындау кезінде анықталған қателіктер, баспа қателері және графикалық келеңсіздіктерді тазарту немесе ақ бояумен бояуға, мәтіннің қате кеткен жерін машинка арқылы, қара сиямен, не қара тушьпен - қолмен жазу тәсілі арқылы түзетуге рұқсат берілмейді.

3.4.8. Мәтін парақтарын бүлдіру, бұрынғы мәтіннің толығымен жойылмаған жерлері мен іздері болуына рұқсат етілмейді.

Жалқы есімдер, ұйымдардың атауларын, диссертация (жоба) тіліне аударуда түпнұсқа атауы (алғашқы берілуінде) қосып келтіруге жол беріледі.

**3.5 МАГИСТРЛІК ДИССЕРТАЦИЯНЫҢ (ЖОБАНЫҢ) БЕТТЕРІН НӨМІРЛЕУ**

3.5.1. Диссертацияның (жобаның) беттерін диссертацияның (жобаның) барлық мәтіні бойынша алмаспайтын номерлеуді сақтап, араб цифрларымен номерлеу қажет. Беттің номерін парақтың төменгі жағында ортасында нүктесіз орналастырады.

3.5.2. Титул бетті беттердің жалпы номерленуіне қосады. Титул бетте беттің номері қойылмайды.

3.5.3. Жеке парақтарда орналастырылған суреттер мен кестелерді диссертация (жоба) беттерінің жалпы номерленуіне қосады.

3.5.4. А3 пішініндегі суреттер мен кестелерді бір бет ретінде санайды.

**3.6 МАГИСТРЛІК ДИССЕРТАЦИЯНЫҢ (ЖОБАНЫҢ) БӨЛІМДЕРІН, БӨЛІМШЕЛЕРІН, БАПТАРЫН, КІШІ БАПТАРЫН НӨМІРЛЕУ**

3.6.1. Магистрлік диссертация (жоба) бөлімдерінің жұмыс барысы бойынша нүктесіз және абзацтық шегіністе жазылған араб цифрларымен белгіленген реттік номерлері болуы қажет. Бөлімшелер әрбір бөлім шегінде номерленеді. Бөлімшенің номері нүктемен ажыратылған бөлім және бөлімше номерінен тұрады. Бөлімше номерінің соңында нүкте қойылмайды. Бөлімдер бөлімшелер сияқты бір немесе бірнеше тармақтардан тұруы мүмкін.

3.6.2. Егер диссертацияда бөлімшелер болмаса, онда тармақтар әрбір бөлімде номерленуі қажет, және тармақ номері нүктемен ажыратылған бөлім және тармақ номерінен құралады. Тармақ номерінің соңында нүкте қойылмайды.

3.6.3. Егер мәтін тек баптарға бөлінсе, онда бүкіл магистрлік диссертация (жоба) жұмысы бойынша реттік сандармен нөмірленеді.

3.6.4. Баптар керек болған жағдайда кіші баптарға бөлінеді және оның әр бап бойынша реттік саны болуы керек. Мысалы: 4.2. 1.1., 4.2.1.2. және т.с.с.

3.6.5. Магистрлік диссертацияның (жобаның) әрбір құрылымдық элементін жаңа парақтан (беттен) бастау қажет.

3.6.6. Диссертацияның (жобаның) және құрамына кіретін қосымша беттерінің номерленуі тұтас болуы қажет.

**3.7 КӨРНЕКІЛІКТЕР (ИЛЛЮСТРАЦИЯЛАР)**

3.7.1. Иллюстрациялар (сызбалар, кестелер, карталар, жобалар, компьютерлік баспалар, диаграммалар, фотосуреттер) диссертацияда олар мәтіннен кейін орналасып, сол бетте немесе келесі бетте алғашқы мәліметтер берілуі керек. (Сурет 1 келтірілген).

Суреттер компьютерде орындалған, соның ішінде түрлі-түсті болуы да мүмкін. Барлық суреттерге диссертацияда сілтеме жасалуы керек.

3.7.2. Қосымшалардағы суреттерден басқа суреттерді араб цифрларымен нөмірлеу керек. Егер сурет біреу болса, онда ол «1 сурет» деп белгіленеді. «Сурет» сөзі және оның атауы сызықша арқылы жолдың ортасында орналасады. Мұндай жағдайда сурет номері нүктемен ажыратылған бөлім нөмірінен және суреттің реттік нөмірінен тұрады. Мысалы: 1.1 сурет. Суреттерге сілтеме жасаған «... 2 суретке сәйкес» деп және бөлім шегінде номерлеу қолданылған болса «... 1.2 суретке сәйкес» деп жазылады.

**3.8 КЕСТЕЛЕР**

3.8.1. Кестені жақсы көрнекілік және көрсеткіштерді салыстыру ыңғайлылығы үшін қолданады. Кестенің атауы оның мазмұнынан көрініс беріп, нақты әрі қысқа болуы қажет және абзацтық шегіниссіз сызықша арқылы оның нөмірімен бірге бір жолда кестенің сол жақ үстінде орналастырылады. Кестенің бір бөлігін келесі бетке көшірген уақытта бірінші беттегі төменгі көлденең сызық жабылмайды, басқа бөліктерінің үстінде сол жағында «Жалғасы» деген сөз жазылып, кесте номері көрсетіледі, мысалы «1 кестенің жалғасы».

3.8.2. Кесте диссертацияда міндетті түрде мәтіннен кейін немесе келесі бетте орналасуы керек. Барлық кестелерге диссертацияда сілтеме болуы қажет. Сілтеме жасағанда номерін көрсетіп «кесте» деп жазу керек. Кестелерді бөлім шегінде номерлеуге рұқсат беріледі. Мұндай жағдайда кестенің номері нүктемен ажыратылған бөлім номерінен және кестенің реттік номерінен тұрады. Әрбір қосымшаның кестелері цифрдың алдына қосымша белгісін қою арқылы жеке-жеке араб цифрларымен номерленеді.

3.8.3. Кестелер сол, оң жағынан және астынан сызықтармен шектеледі. Кестеде мәтіндегі қаріптен кіші қаріп өлшемін (12 кегль) пайдалануға рұқсат етіледі. Кестенің жолдарын шектейтін көлденең және тік сызықтар, егер олардың болмағаны кестені қолдануды қиындатпаса жүргізілмегені жөн. Кестенің төменгі сызығы мен мәтін арасындағы қашықтық 2 «бос» жол болуы керек.

3.8.4. Ескертулерді абзацтан бастап бас әріппен астын сызбай теру керек. Диссертацияда ескертулерді егер мәтіннің, кестенің немесе графикалық материалдың мазмұнына түсініктеме немесе анықтамалық мәліметтер қажет болса ғана жасайды. Ескертулерді осы ескерту қатысты мәтіндік, графикалық материалдан кейін немесе кестеде орналастыру қажет. Егер ескерту біреу болса, онда «Ескерту» сөзінен кейін сызықша қойылып, ескерту бас әріппен жазылады. Бір ескерту номерленбейді. Бірнеше ескерту нүкте қоюсыз араб цифрларымен номерленеді. Кестеге ескерту кестенің соңында кестенің аяқталғанын білдіретін сызықтың үстіне жазылады (Сурет 1 келтірілген).

1-кесте

**Кестенің тақырыбы**

| | |
|---|---|
| | |
| | |

1-сурет – Кестені рәсімдеу үлгісі

3.8.5. Кесте және суретті рәсімдеу кезінде пайдаланылған дереккөздерге сілтеме Ескерту арқылы төменде көрсетілгендей рәсімделуі керек.

кесете үшін:

| | |
|---|---|
| | |

Ескерту – кесте [13] негізінде құрастырылған

сурет үшін:

| | |
|---|---|
| | |

Ескерту – кесте [13] негізінде құрастырылған

**3.9 ФОРМУЛА МЕН ТЕҢДЕУЛЕР**

3.9.1. Формулалар мен теңдеулерді мәтіннен бөлек жеке жолға жазу керек.

Әрбір формуланың немесе теңдеудің жоғарғы және төменгі жақтарында бір бос жол қалдырылуы керек. Егер теңдеу бір жолға сыймаса, онда ол (=) белгісінен кейін немесе (+) плюс, (-) минус, (х) көбейту, (:) бөлу немесе басқа да математикалық белгілерден кейін келесі жолға жалғастырылады, және белгі келесі жолдың басында қайталанады. Формуланы аударуда кезінде көбейту операциясын белгілейтін белгі ретінде «Х» белгісі қолданылады.

3.9.2. Формулаларды диссертациялық жұмыста бастан аяқ реттік сандармен жолдың оң жақ шетінде араб цифрларымен нөмірлеу керек:

Мысалы:

A=a:b;(1)

B=c: (2)

3.9.3. Формулаларды формула редакторында төмендегі өлшемдерді пайдалана отырып теру керек:

Әдеттегі: 14

Ірі индекс: 9

Кіші индекс: 7

Ірі символ: 30

Кіші символ: 14

## 3.10 ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

3.10.1. Диссертацияны жазуда магистрант пайдаланылған материалдары не нәтижелері бойынша авторлар мен әдебиеттерге сілтеме берілуі керек (4-қосымша).

3.10.2. Диссертацияда әдебиеттер жайында мәліметтерді әдебиетке сілтемелерді пайдалану тәртібінде орналастыру қажет және араб цифрлармен нөмірлеп, жаңа жолдан шегініс жасаусыз орналастыру керек.

3.10.3. Пайдаланылған әдебиеттерге сілтемелерді тік жақшада «[1]» көрсету қажет. Бір әдебиетке бірнеше сілтеме берілген жағдайда әдебиеттің қатар нөмірінен басқа оның беттері көрсетіледі «[1, 52-б]». БАҚ-нан ақпарат пайдаланылғанда тік жақшада тек әдебиеттің нөмірі көрсетіледі.

3.10.4. Стандарттар мен техникалық талаптарға сілтеме жасауда оның тек белгісі ғана көрсетіледі, егер пайдаланылған әдебиеттер тізімінде толық мәлімет берілген болса, оның бекітілген жылын көрсетпеуге рұқсат етілдеді.

3.10.5. Пайдаланылатын әдебиеттер қатарында электронды дереккөздер, интернет ресурстары қолданылған жағдайда, пайдаланылған әдебиеттер тізімінде ол деректердің интернеттегі адресі толық көрсетіледі. Ресурсқа кірген кездегі мерзімі де көрсетілуі тиіс.

## 3.11 ҚОСЫМШАЛАР

3.11.1. Қосымшалар диссертацияның (жобаның) жалғасы ретінде оның келесі парақтарында рәсімделеді немесе жеке құжат ретінде шығарылады. Құжаттың басқа бөліктерімен бірге қосымша беттері де жалпы нөмірленуі керек.

3.11.2. Диссертация (жоба) мәтінінде барлық қосымшаларға сілтеме жасалуы керек. Қосымшалар диссертация (жоба) мәтінінде берілген сілтемелер ретімен орналастарылады.

3.11.3. Әр қосымшаны жаңа беттен оның көрсеткіші мен дәрежесін көрсету арқылы беттің оң жақ жоғары бұрышында «Қосымша» сөзімен бастау керек. 5.11.4. Қосымшаның тақырыбы болады, ол мәтінге симметриялы түрде үлкен әріппен бөлек жолға жазылады.

3.11.4. Қосымшалар орыс алфавиттің бас әріптерімен, А әрпінен басталып (Е, З, Й, О, Ч, Ь, Ы, Ъ әріптерінен басқа) белгіленеді. «Қосымша» сөзінің алдында оның ретін білдіретін әріп жазылады.

**3.12 МАГИСТРЛІК ДИССЕРТАЦИЯНЫ (ЖОБАНЫ) АНТИПЛАГИАТ ЖҮЙЕСІНДЕ ТЕКСЕРУ**

3.12.1. Магистрлік диссертация (жоба) «Білім алушылардың бағаланатын жазбаша жұмыстарын бөтен мәтінді пайдалану нысанына тексерудің ережесі» УЕ-13-23 университет ережесіне сәйкес жүргізіледі.

3.12.2. Магистрлік диссертацияның (жобаның) электрондық нұсқасын ғылыми жетекшілер мен кафедра меңгерушілер қорытынды аттестаттау комиссиясының (бұдан әрі – ҚА) жұмысы басталардан екі ай бұрын жинақтап ЖООКББ бөліміне өткізеді.

3.12.3. Магистрлік диссертацияны (жобаны) плагиатқа тексеруді ЖООКБББ қорытынды аттестаттау комиссиясының (ҚА) жұмысы басталардан 10 күн бұрын тексеруден өткізеді.

3.12.4. Магистрлік диссертацияны (жобаны) тексеру 5 жұмыс күні мерзімінде іске асырылады.

3.12.5. Магистрлік диссертация (жоба) «Антиплагиат» жүйе арқылы бөтен мәтіннен көшірілген мәлімет көлемі 30%-дан аспаған жағдайда жұмыс қорғауға жіберілуге ұсынылады, тексеру нәтижесінің анықтамасы білім алушыға және/немесе ғылыми жетекшіге қағаз және/немесе электронды түрде беріледі.

3.12.6. Егер диссертацияның (жобаның) мәтіні түпнұсқалық нормаларына сәйкес келмесе, жұмыс авторға жазбаша ескертулермен және тексеру анықтамасымен қайта қарау үшін қайтарылады.

**3.13 МАГИСТРЛІК ДИССЕРТАЦИЯНЫ (ЖОБАНЫ) ҚОРҒАУҒА ҰСЫНУ ТӘРТІБІ:**

3.13.1. Магистрант қорытынды аттестацияға рұқсатнама алу үшін білім беру бағдарламасын дайындаушы кафедрада магистрлік диссертацияны 1,5 ай бұрын алдын-ала қорғаудан өтеді. ЖООКББ білім беру бағдарламалары бойынша алдын ала қорғау кестесін кафедра меңгерушілердің ұсынысы негізінде бекітеді (5-қосымша).

3.13.2. Қорытынды аттестаттауға рұқсат алу үшін магистрант шығарушы кафедрада магистрлік диссертация (жоба) бойынша алдын-ала қорғаудан өтуі тиіс. Кафедра «қорғауға жіберілді» немесе «қорғауға жіберілмейді» деген қорытынды шағаруы қажет.

3.13.3. Магистрлік диссертацияны қорғау ғылыми жетекшісінің оң пікірі (6-қосымша) болуымен жүргізіледі. Егерде ғылыми жетеші және/немесе кафедра «қорғауға ұсынылмайды» немесе «қорғауға жіберілмейді» теріс қорытынды қалыптастырса, магистрант магистрлік диссертацияны қорғамайды.

3.13.4. Магистрлік диссертация (жоба) бойынша басқа ұйымдардан ғылым докторы немесе ғылым кандидаты, немесе қорғалатын магистрлік диссертацияның (жобаның) бейіні бойынша PhD доктор дәрежесі бар рецензент тағайындалады.

3.13.5. Білім беру бағдарламасын шығарушы кафедра меңгерушісі алдын-ала қорғаудан алдын, ресми рецензентті тағайындау туралы негіздемесімен, оның жұмыс орны, атқаратын қызметі, ғылыми дәрежесі, ғылыми атағы және (жоғары білім туралы дипломы бойынша базалық білімі) қорғалатын магистрлік диссертацияның (жобаның) бейіні бойынша жариялымдары (3 жұмыстан кем емес) Ғылыми кеңеске ұсынады. Ғылыми кеңестің шешімі негізінде Жұмабек Ахметұлы Ташенев атындағы univерситеті ректорының бұйрығымен ресми рецензенттер тізімі бекітіледі. Рецензент Қорытынды аттестаттау комиссиясының мүшесі, магистранттың ғылыми жетекшісі және университеттің қызметкері болмауы тиіс.

3.13.6. Ресми рецензент магистрлік диссертация (жоба) қарап шығып, балдық-рейтингтік әріптік жүйесіне сәйкес бағасын көрсетіп, тиісті білім беру бағдарламасы бойынша «магистр» дәрежесін беру немесе бермеу мүмкіндіктерін көрсете отырып, дәлелді қорытындылармен рецензия береді (7-қосымша).

3.13.7. Ресми рецензенттің рецензиясы компьютерде басылып, берілген күні көрсетіліп, қол қойылуы керек. Рецензенттің қолын ұйымның кадр бөлімінің бастығы растап, ұйымның мөрімен куәландырылады.

3.13.8. Жұмабек Ахметұлы Ташенев атындағы университетінің магистратура білім беру бағдарламасын шығарушы кафедра ЖООКББ бөліміне қорытынды аттестаттау комиссиясының жұмысы басталардан 20 күн алдын мынандай магистрлік диссертацияға (жобаға) қатысты төмендегі құжаттарды тапсырады:

- аяқталған магистрлік диссертация (жоба);
- диссертация (жоба) тақырыбының бекітілгені туралы ғылыми кеңес шешімінің көшірмесі;
- магистранттың ғылыми жеткшісінің пікірі;
- ресми рецензенттің магистрлік диссертацияға берген рецензиясы;
- магистрлік диссертацияның (жобаның) автореферaты/аңдатпасы;
- белгілі тәртіпте бекітілген ғылыми еңбектер тізімі (ғалым хатшысы қол қойылған) және жариялымдардың көшірмесі (8-қосымша)
- плагиат жүйесінде тексеруден өткені туралы анықтама.

5.13.9. ЖООКББ басшысы келесі шешімдердің біреуін көрсетіп білім беру бағдарламалары бойынша бекітілген нысанда жазбаша қорытынды шығарады:

1) диссертацияны (жобаны) қорғауға ұсынылады;
2) диссертация (жоба) қорғауға ұсынылмайды (9-қосымша).

ЖООКББ басшысының қорытындысы негізінде магистрант қорытынды аттестаттауға жіберіледі.

5.13.10. Магистрлік диссертацияны орындау барысында күнтізбелік кестесін сақтауын ағымдық бақылау жүзеге асырылатын кеңес беру кестесі белгіленеді (10-қосымша);

## 3.14 МАГИСТРЛІК ДИССЕРТАЦИЯНЫ (ЖОБАНЫ) ҚОРҒАУ ПРОЦЕДУРАСЫ

3.14.1. Магистрлік диссертацияны (жобаны) қорғауды Жұмабек Ахметұлы Тәшенев атындағы университетінің білім беру бағдралмаларына сәйкес құрылған ҚА комиссияда жүзеге асырылады.

3.14.2. Магистрлік диссертацияны (жобаны) қорғау ҚА отырысы төрағасының жетекшілігімен өткізіледі.

3.14.3. ҚА комиссияға ЖООКББ-нің басшысы қорытындысы негізінде магистрлік диссертацияны (жобаны) қорғауға келесі құжаттар тізімі ұсынылады:

- жеке оқу жоспары(ның орындалуы туралы анықтама); (университттің Білім алушылардың үлгеріміне ағымдық бақылау және аралық аттестаттау өткізу ережесінде көрсетілген);
- магистрлік диссертация жұмыстарының тақырыптары, жетекшілері және рецензенттері туралы мәлімет (11-қосымша)
- аяқталған магистрлік диссертация (жоба);
- ғылыми жетекшінің пікірі;
- ресми рецензенттің магистрлік диссертацияға (жобаға) берген рецензиясы;
- плагиат жүйесінде тексеруден өткені туралы анықтама.

3.14.4. Қорытынды аттестаттау басталғанға дейін екі аптадан кешіктірмей ЖООКББ басшысының қорытындысы негізінде магистранттарды қорытынды аттестаттауға жіберу туралы университет ректорының бұйрығы шығарылады.

3.14.5. ҚА комиссияға сонымен қоса орындалған магистрлік диссертацияның (жобаның) ғылыми және тәжірибелік құндылығын сипаттайтын басқа да материалдар, магистрлік диссертацияның (жобаның) бейіні бойынша тәжірибелік қызметті жүзеге асыратын ұйымдардың ресми емес сын-пікірлері, жазбаша қорытындылары, ғылыми-зерттеу нәтижелерін енгізу анықтамалары немесе актілері, материалдардың, бұйымдардың,

ауылшаруашылық өнімдерінің, минералдар коллекциясының, гербарийлердің және тағы басқаларының үлгілері сияқты материалдар ұсынылуы мүмкін.

3.14.6. Магистерлік диссертацияны қорғау қорытынды аттестаттау комиссиясының ашық отырысында оның 2/3 кем емес мүшесінің қатысуымен өткізіледі.

3.14.7. Магистерлік диссертацияны қорғаудың ҚА комиссия отырысында ғылыми жетекшінің қатысуы және сөз сөйлеуі міндетті.

3.14.8. ҚА комиссия отырысының хаттамалары бекітілген форма бойынша әрбір магистрантқа жеке жүргізіледі. (университтің Қорытынды аттестаттау ережесінде көрсетілген)

3.14.9. ҚА комиссия отырыс хаттамаларының барлық бланкілері ҚА комиссия жұмысы басталғанға дейінгі магистранттарды қорытынды аттестаттаудың әрбір түрі бойынша жеке кітап болып номерленіп, бауланып және Жоғары оқу орнынан кейінгі білім бөлімі мөрімен бекітілуі керек.

3.14.10. Магистрант 20 минут шеңберінде, негізгі мазмұнын қысқаша баяндап, зерттеудің мақсаты мен міндетін, теориялық және практикалық мәнін, қорғауға ұсынылған тұжырымдар мен ұсыныстары жөнінде баяндауы қажет.

3.14.11. Баяндаманы аяқтағаннан кейін магистрант бітіру жұмысы презентациясының мазмұны бойынша ҚА комиссия мүшелерінің сұрақтарына жауап береді.

3.14.12. Ғылыми жетекшінің пікірі тыңдалады. Ол болмаған жағдайда пікірді ҚА комиссия хатшысы оқиды.

3.14.13. Рецензенттің пікірі оқылады. Ол болмаған жағдайда, пікірдің мазмұнын ҚА комиссия хатшысы оқиды.

3.14.14. Магистрант негізгі сұрақтарға немесе бітіру жұмысы бойынша ескертпелерге қысқаша жауап қайтарады. Әрі қарайғы талқылауға қорғау қатысып отырғандардың барлығы қатыса алады.

Магистрантқа қорытынды сөз беріледі..

3.14.15. Магистрлік диссертацияны бағалауда келесі жағдайлар ескеріледі:

- тақырыптың өзектілігі және оны ашу дәрежесі, зерттелетін проблеманың белгілі бір аспектілерінің қазіргі жағдайы мен даму перспективаларына, магистрлік диссертацияны (жобаны) орындаудың практикалық міндеттері мен жалпы мақсаттарына сәйкестігі;
- жұмыста жаңа технологияларды пайдалану;
